Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-ІІ ҚРЗ 7-бабының 1-тармағымен сәйкес келетін заңнамалық актімен қабылданып, қолданыста.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.



*Штрих-код «Электрондық құжат» ақпараттық жүйесі ұсынған және электрондық-цифрлық қолтаңбаны қол қойып отырған директоры қақтызы Ақимов(АҚСУ К.)

Штрих-код содержит данные, предоставленные информационной системой «Электронный визит» и подписанные электронно-цифровой подписью Ақимов(Г.АҚСУ)

«Жұмыссыз азаматтарға анықтама беру» электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне жеткізіледі
6-қосымша

Электрондық мемлекеттік қызметтің «сапа» және «қолжетімділік» көрсеткіштерін анықтау үшін сауалнаманың нысаны

(қ ы з м е т т і ң а т а у ы)

1. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінің сапасына және нәтижесіне қанағаттанасыз ба?

- 1) қанағаттанған жоқпын;
- 2) ішінара қанағаттанамын;
- 3) қанағаттанамын.

2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпараттың сапасына қанағаттанасыз ба?

- 1) қанағаттанған жоқпын;

2) ішінара қанағаттанамын;

3) қанағаттанамын.

Астана қаласы әкімдігінің
2012 жылғы 8 қарашадағы
№ 158 - 1659 қаулысына
2-қосымша

«Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу» электрондық мемлекеттік қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. «Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу» электрондық мемлекеттік қызметті (бұдан әрі – электрондық мемлекеттік қызмет) «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – қызмет беруші) электрондық мемлекеттік қызметті тұтынушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда «электрондық үкімет» веб-порталы: www.e.gov.kz және Астана қаласы әкімдігінің «Электрондық қызметтер»: кіші жүйесі www.e.astana.kz. арқылы көрсетеді.

2. Электрондық мемлекеттік қызмет «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген «Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет стандарты негізінде ұсынылады.

3. Электрондық мемлекеттік қызметті автоматтандыру дәрежесі: ішінара автоматтандырылған (медиа-алшақтықты қамтитын электрондық мемлекеттік қызмет).

4. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің түрі: транзакциялық қызмет.

5. Осы Регламентте пайдаланылатын ұғымдар және қысқартулар:

1) «Е-Астана» АЖ - өңірлік деңгейде азаматтарға және бизнес-құрылымдарға электрондық қызмет көрсетуге арналған Астана қаласы әкімдігінің «Электрондық қызметтер» кіші жүйесі;

2) ақпараттық жүйе – аппараттық-бағдарламалық кешенді қолдана отырып, ақпаратты сақтауға, өңдеуге, іздестіруге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған жүйе (бұдан әрі - АЖ);

3) ақпараттық қызмет – тұтынушыларға ақпараттық ресурстарды беру

- 4) «ЖАО» АЖ – қызмет берушінің ақпараттық жүйесі;
- 5) жеке сәйкестендіру нөмірі – жеке тұлға, оның ішінде жеке кәсіпкерлік түрінде өзінің қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір (бұдан әрі – ЖСН);
- 6) Қазақстан Республикасы Ұлттық куәландырушы орталығының ақпараттық жүйесі – «электрондық үкіметтің» қатысушыларына, мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерге қызмет көрсететін ақпараттық жүйе (б ұ д а н ә р і – « Ұ К О » А Ж) ;
- 7) құрылымдық-функционалдық бірліктер – белгілі сатыға электрондық қызметті, мемлекеттік қызметті көрсетуге қатысатын қызмет берушілердің, басқа да мемлекеттік органдардың жауапты тұлғалары, құрылымдық бөлімшелері (б ұ д а н ә р і – Қ Ф Б) ;
- 8) медиа-алшақтық - құжаттарды электрондық нысаннан қағаз немесе керісінше нысанға өзгерту қажет кезінде қызметтерді көрсету үдерісінде қағаз және электрондық құжат айналымының кезектесуі;
- 9) тұтынушы – қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алу үшін ақпараттық жүйеге жүгінетін және оларды пайдаланатын субъект;
- 10) транзакциялық қызмет – электрондық цифрлық қолтаңбаны қолданумен өзара ақпарат алмасуды талап ететін, пайдаланушыларға электрондық ақпараттық ресурстарды беру жөніндегі қызмет;
- 11) электрондық құжат – өзіндегі ақпарат электрондық-цифрлық нысанда табыс етілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған қ ұ ж а т ;
- 12) «электрондық үкіметтің» өңірлік шлюзі» – жергілікті атқарушы органдардың электрондық қызметтер көрсету барысында қатысатын сыртқы ақпараттық жүйелердің және жергілікті атқарушы органдардың ішкі жүйелерінің /кіші жүйелерінің арасында ақпараттық өзара әрекет етуді қамтамасыз ететін біріктіру кіші жүйе (бұдан әрі – ЭҮӨШ);
- 13) «электрондық үкіметтің» шлюзі – электрондық қызметтерді іске асыру аясында «электрондық үкімет» ақпараттық жүйелерін біріктіруге арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭҮШ);
- 14) «электрондық үкіметтің» веб-порталы – ақпараттық жүйе нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық мемлекеттік қызметтерге қолжетімділіктің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ЭҮП);
- 15) электрондық цифрлық қолтаңба - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның

тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі (бұдан әрі – ЭЦҚ).

2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету жөнінде қызмет беруші әрекетінің тәртібі

6. Осы Регламенттің 1-қосымшасына (1-кесте) сәйкес электрондық мемлекеттік қызметті ішінара автоматтандырылған электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі қызмет берушінің адымдық әрекеттері мен шешімдері :

1) тұтынушы электрондық мемлекеттік қызмет алу үшін қызмет берушіге жүгінуі қажет, өзімен бірге өтініш пен қажетті құжаттардың түпнұсқалары болуы тиіс, олардың түпнұсқалығы қызмет берушінің қызметкерімен жүзеге асырылады ;

2) 1-үдеріс – қызмет берушінің қызметкерімен «Е-Астана» АЖ электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үшін ЖСН және кодын енгізу үдерісі;

3) 1-шарт – ЖСН және пароль арқылы «Е-Астана» АЖ-дан қызмет берушінің тіркелген қызметкері туралы деректердің түпнұсқалылығын тексеру;

4) 2-үдеріс – қызмет беруші қызметкерінің деректерінде бұзушылықтар болуына байланысты «Е-Астана» АЖ-да қуаттаудан бас тарту туралы х а б а р л а м а н ы қ а л ы п т а с т ы р у ;

5) 3-үдеріс – қызмет беруші қызметкерінің осы Регламентте көрсетілген электрондық мемлекеттік қызметті таңдауы, қызметті көрсету және оның құрылымы мен форматтық талаптарды ескере отырып, тұтынушының нысанды толтыруы үшін сұрау салу нысанын (деректерді енгізу және сканерленген құжаттарды тіркеу) экранға шығару ;

6) 4-үдеріс – электрондық мемлекеттік қызметтер көрсетуге сұрау салудың толтырылған нысанына (енгізілген деректерді және тіркелген сканерленген құжаттарды) қызмет беруші қызметкерінің ЭЦҚ арқылы қол қою ;

7) 2-шарт – сәйкестендіру деректердің сәйкестігін (сұрау салуда көрсетілген ЖСН мен ЭЦҚ-ның тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН-ның арасындағы), ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімін және «Е-Астана» АЖ-ның қайтарылған (ж о й ы л ғ а н) т і з і м і н д е б о л м а у ы н т е к с е р у ;

8) 5-үдеріс – қызмет беруші қызметкерінің ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы х а б а р л а м а н ы қ а л ы п т а с т ы р у ;

9) 6-үдеріс – қызмет беруші қызметкерінің электрондық мемлекеттік қызметті ө н д е у і ;

10) 7-үдеріс – қызмет беруші қызметкерінің электрондық қызмет көрсетудің

нәтижесін қалыптастыруы (үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу туралы хабарлама, не болмаса қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауабы), бұл ретте электрондық құжат қызмет беруші қызметкерінің ЭЦҚ-ны пайдалануы арқылы қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы ;

11) 8-үдеріс – қызмет беруші қызметкерінің электрондық қызмет көрсетудің нәтижесін тұтынушыға қолма-қол немесе электрондық мекен-жайына жіберу арқылы беруі (үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу туралы хабарлама, не болмаса қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауабы).

7. Осы Регламенттің 1-қосымшасына (2-кесте) сәйкес «Е-Астана» АЖ/ЭҮП арқылы электрондық мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі қызмет берушінің адымдық әрекеттері және шешімдері:

1) тұтынушы ЖСН-ның және парольдің көмегімен «Е-Астана» АЖ/ЭҮП порталға тіркеуді жүзеге асырады «Е-Астана» АЖ/ЭҮП порталда тіркелмеген тұтынушылар үшін жүзеге асырылады);

2) 1-үдеріс – электрондық қызметтерді көрсету үшін тұтынушының «Е-Астана» АЖ/ЭҮП порталда ЖСН мен пароль енгізу үдерісі (қуаттау үдерісі);

3) 1-шарт - ЖСН және пароль арқылы тіркелген тұтынушы туралы деректердің түпнұсқалылығын «Е-Астана» АЖ/ЭҮП порталда тексеру;

4) 2-үдеріс – тұтынушының деректерінде бұзушылықтарының болуына байланысты қуаттаудан бас тарту туралы хабарламаны «Е-Астана» АЖ/ЭҮП п о р т а л д а қ а л ы п т а с т ы р у ;

5) 3-үдеріс – тұтынушының осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызмет көрсету және оның құрылымы мен форматтық талаптарын ескере отырып , тұтынушының нысанды толтыруы үшін сұрау салу нысанын экранға шығару (деректерді енгізу және сканерленген құжаттарды бекіту);

6) 4-үдеріс – электрондық мемлекеттік қызметтер көрсетуге сұрау салудың толтырылған нысанына (енгізілген деректерді және тіркелген сканерленген құжаттарды) тұтынушының ЭЦҚ арқылы қол қою;

7) 2-шарт – сәйкестендіру деректердің сәйкестігін (сұрау салуда көрсетілген ЖСН мен ЭЦҚ-ның тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН-ның арасындағы), ЭЦҚ тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімін және «Е-Астана» АЖ/ЭҮП порталда қайтарылған (жойылған) тізімінде болмауын тексеру;

8) 5-үдеріс – ЭЦҚ тұтынушының түпнұсқалығының расталмауына байланысты сұрау салынатын электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы х а б а р л а м а н ы қ а л ы п т а с т ы р у ;

9) 6-үдеріс – тұтынушының қолы қойылған ЭЦҚ электрондық құжаттарды ЭҮШ/ЭҮӨШ арқылы «Е-Астана» АЖ жұмыс кабинетіне жіберу және қызмет

беруші қызметкерінің электрондық мемлекеттік қызметті өңдеуі (Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу туралы хабарлама, не қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауабы);

10) 7-үдеріс – қызмет беруші қызметкерінің электрондық қызмет көрсетудің нәтижесін қалыптастыруы (үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу туралы хабарлама, не қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауабы), сонымен қатар құжат аудандық бөлім маманының ЭЦҚ-ны пайдалануы арқылы қалыптастырылады және «Е-Астана» АЖ/ЭҮП порталының жеке кабинетіне беріледі.

8. Осы Регламентке 3, 4, 5-қосымшаларда тұтынушыға мемлекеттік немесе орыс тілдерінде көрсетілетін электрондық мемлекеттік қызметке сұрау салу мен жауапты толтырудың экрандық нысандар келтірілген.

9. Электрондық мемлекеттік қызмет бойынша сұрау салуды орындау мәртебесін тұтынушының тексеру тәсілі: ЭҮП-те «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде, сонымен қатар «Е-Астана» АЖ/қызмет беруші өтініш жасағанда.

10. Электрондық мемлекеттік қызмет туралы ақпаратты алу, сондай-ақ қажет болған жағдайда олардың сапасын бағалау (оның ішінде шағымдану) үшін байланыс телефонының нөмірі: 8 (7172) 21-62-22, 21-09-41, 21-22-61.

3. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

11. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіне қатысатын ҚФБ тізбесі:

ҚФБ-1 – қызмет берушінің қызметкері.

12. Әр іс-қимылдың орындалу мерзімі көрсетілген ҚФБ іс-қимылының дәйектілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы осы Регламентке 1-қосымшада келтірілген.

13. ҚФБ сипаттамасына сәйкес олардың (электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде) іс-қимылының қисынды дәйектілігі арасындағы өзара байланысты көрсететін диаграмма осы Регламентке (№ 1, 2, 3, диаграммасы) 2-қосымшада келтірілген.

14. Нысандар, бланктер үлгілері ұсынылған, электрондық мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі (шығыс құжаттары) соған сәйкес ұсынылуы тиіс бланкілердің нысандары, үлгілері осы Регламентке 3, 4, 5-қосымшаларда келтірілген.

15. Тұтынушыларға электрондық мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелері осы Регламентке 6-қосымшаға сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен

ө л ш е н е д і .

16. Тұтынушылармен электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қойылатын талаптар :

- 1) адамның конституциялық құқығы мен бостандығын сақтау;
- 2) қызметтік борышын атқаруда заңдылықты сақтау;
- 3) кәсіби этика мен мәдениетті сақтау;
- 4) толық және жеткілікті ақпарат беру;
- 5) ақпараттың сақталуы мен құпиялылығы;
- 6) тұтынушы белгіленген мерзімде алмаған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету .

17. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің техникалық шарттары: электрондық мемлекеттік қызметке қол жеткізудің және оны көрсетуді қолдайтын барлық құрылғылары (компьютер, Интернет).

«Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу» электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне

1-қосымша

1-кесте. Қызмет берушілерге электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезінде іс-қимыл тәртібін сипаттау

Негізгі үдерістің (жұмыстар барысының, ағынының) әрекеті							
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Әрекет (жұмыстар барысының, ағынының) №	1	2	3	4	5	6
2	ҚФБ АЖ атауы	Қызмет беруші қызметкері	«ЖАО» АЖ	Қызмет беруші қызметкері	«ЖАО» АЖ	Қызмет беруші қызметкері	«ЖАО» АЖ
3	Әрекеттің үдерістің, рәсімдеудің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Өтініш пен құжаттардың түпнұсқалылығын тексеру, «ЖАО» АЖ-ға мәліметтер енгізу	Қызмет беруші қызметкерінің электрондық мемлекеттік қызметтерді көрсету жүйесіне және сұрау салу нысанын толтыруға авторизациялау	Сұрауды орындау. Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу туралы шешім қабылдау	Шығыс құжатын қалыптастыру	Шығыс құжатын жасау	Қызмет берушінің шығыс құжатына ЭЦҚ қол қою

4	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік ету шешімі)	Қызмет алу үшін өтінішті және құжаттарды қабылдау	Өтінішке нөмірді иемденіп сұранысты тіркеу	Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу туралы хабарлама, не қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауабы туралы хабарламаны қалыптастыру	Шығыс құжатын жүйеде қалыптастыру	Қызмет беруші қызметкерінің электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін тұтынушыға қолма-қол немесе электрондық мекен-жайына жіберу арқылы беру және жеткізуі	Қызмет беруші қызметкерінің шығыс құжатын ЭЦҚ қол қою
5	Орындау мерзімдері	20 минуттан аспайды	1 минуттан аспайды	10 жұмыс күн ішінде	1 минуттан аспайды	электрондық поштаға жіберген жағдайда 1 минуттан аспайды	1 минуттан аспайды
6	Келесі әрекеттің нөмірі	2	3	4	5	6	-

2-кесте. ЭҮП арқылы әрекетті сипаттау

Негізгі үдерістің (жұмыстар барысының, ағынының) әрекеті

1.	Әрекет жұмыстар барысының, ағынының) №	1	2	3	4	5	6
2.	ҚФБ АЖ атауы	ЭҮП	ЭҮӨШ (ЭҮШ)	«ЖАО» АЖ	Қызмет беруші қызметкері	Қызмет беруші қызметкері	«ЖАО» А
3.	Әрекеттің үдерістің, рәсімдеудің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Тұтынушыны ЭҮП авторизациялау, сұрау нысанын толтыру. Электрондық мемлекеттік қызметті алу үшін енгізілген деректердің дұрыстығын тексеру.	«ЖАО» АЖ-ға ескертуді бағдарлау енгізілген деректерді түзеткен жағдайда)	Өтінішке нөмір беру (енгізілген деректерді түзеткен жағдайда)	Өтінішті орындауға алу енгізілген деректерді түзеткен жағдайда)	Сұрауды орындау. Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу туралы шешім қабылдау	Шығыс құжатын қалыптаст
		Сұрауды сәтті қалыптастыру					

4.	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік ету шешімі)	немесе сұралатын электрондық қызметтен бас тарту туралы бейнелеу	Сұрауды бағдарлау енгізілген деректерді түзеткен жағдайда)	Э Ү П (хабарлама жіберу енгізілген деректерді түзеткен жағдайда)	Жұмысқа қабылдау (енгізілген деректерді түзеткен жағдайда)	Хабарламаны қалыптастыру, не дәлелді жауап	Шығыс құжатын жүйеде қалыптаст
5.	Орындау мерзімдері	1 минуттан аспайды	1 минуттан аспайды	1 минуттан аспайды	15 минуттан аспайды	10 жұмыс күн ішінде	1 минуттан аспайды
6.	Келесі әрекеттің нөмірі	2	3	4	5	6	7

2-кестенің жалғасы

Негізгі үдерістің (жұмыстар барысының, ағынының) әрекеті							
1.	Әрекет жұмыстар барысының, ағынының) №	7	8	9	10	11	12
2.	ҚФБ АЖ атауы	ЭҮШ (ЭҮӨШ)	ЭҮШ	Қызмет беруші қызметкері	«ЖАО» АЖ	ЭҮШ (ЭҮӨШ)	ЭҮШ
3.	Әрекеттің үдерістің, рәсімдеудің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	«ЭҮП жұмысында» мәртебені ауыстыру туралы хабардар етуді бағдарлау	«Жұмыста» мәртебені бейнелеу	Шығыс құжатын жасау	Қызмет берушінің шығыс құжатына ЭЦҚ қол қою. Қызмет көрсету мәртебесін өзгерту туралы ЭҮП хабардар етуді қалыптастыру	Шығыс құжатын ЭҮП шығарумен мәртебесін өзгерту туралы хабардар етуді бағдарлау	Шығыс құжат көру мүмкіндігімен қызмет көрсету аяқтау туралы хабарламаның бейнеленуі
4.	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік ету шешімі)	Бағдарлау	Мәртебені бейнелеу	Қол қойылған шығыс құжат	Шығыс құжаты мен ЭҮП хабарламаны жіберу	Бағдарлау	Шығыс құжат бейнелеу
5.	Орындау мерзімдері	1 минуттан аспайды	1 минуттан аспайды	1 минуттан аспайды	1 минуттан аспайды	1 минуттан аспайды	1 минуттан аспайды
6.	Келесі әрекеттің нөмірі	8	9	10	11	12	-

3-кесте. «Е-Астана» АЖ арқылы әрекетті сипаттау

Негізгі үдерістің (жұмыстар барысының, ағынының) әрекеті							
1.	Әрекет жұмыстар барысының, ағынының) №	1	2	3	4	5	6
2.	ҚФБ АЖ атауы	«Е-Астана» АЖ	ЭҮӨШ (ЭҮШ)	«ЖАО» АЖ	Қызмет беруші қызметкері	Қызмет беруші қызметкері	«ЖАО»
		Тұтынушыны «Е-Астана» АЖ				Сұрауды орындау. Үйде	

3.	Әрекеттің үдерістің, рәсімдеудің, операцияның атауы және олардың сипаттамасы	(авторизациялау, сұрау нысанын толтыру. Электрондық мемлекеттік қызметті алу үшін енгізілген деректердің дұрыстығын тексеру.	«ЖАО» АЖ-ға ескертуді бағдарлау (енгізілген деректерді түзеткен жағдайда)	Өтінішке нөмір беру (енгізілген деректерді түзеткен жағдайда)	Өтінішті орындауға алу (енгізілген деректерді түзеткен жағдайда)	оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу туралы шешім қабылдау	Шығыс құжаты қалыпта
4.	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік ету шешімі)	Сұрауды сәтті қалыптастыру немесе сұралатын электрондық мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы бейнелеу	Сұрауды бағдарлау (енгізілген деректерді түзеткен жағдайда)	«Е-Астана» АЖ хабарлама жіберу (енгізілген деректерді түзеткен жағдайда)	Жұмысқа қабылдау (енгізілген деректерді түзеткен жағдайда)	Хабарламаны қалыптастыру, не дәлелді жауап	Шығыс құжаты жүйеде қалыпта
5.	Орындау мерзімдері	1 минуттан аспайды	1 минуттан аспайды	1 минуттан аспайды	15 минуттан аспайды	10 жұмыс күн ішінде	1 минут аспайды
6.	Келесі әрекеттің нөмірі	2	3	4	5	6	7

3-кестенің жалғасы

Негізгі үдерістің (жұмыстар барысының, ағынының) әрекеті							
1.	Әрекет (жұмыстар барысының, ағынының) №	7	8	9	10	11	12
2.	ҚФБ АЖ атауы	ЭҮШ (ЭҮӨШ)	«Е-Астана» АЖ	Қызмет беруші қызметкері	«ЖАО» АЖ	ЭҮШ (ЭҮӨШ)	«Е-Астана» АЖ
3.	Әрекеттің үдерістің, рәсімдеудің, операцияның атауы және олардың сипаттамасы	«Е-Астана» АЖ жұмысында» мәртебені ауыстыру туралы хабардар етуді бағдарлау	«Жұмыста» мәртебені бейнелеу	Шығыс құжатын жасау	Қызмет берушінің шығыс құжатына ЭЦҚ қол қою. Қызмет көрсету мәртебесін өзгерту туралы «Е-Астана» АЖ хабардар етуді қалыптастыру	Шығыс құжатын ЭҮП шығарумен мәртебесін өзгерту туралы хабардар етуді бағдарлау	Шығыс құжатын көр мүмкіндігіме қызмет көрсетуді аяқтау турал хабарламаны бейнеленуі
4.	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімдік ету шешімі)	Бағдарлау	Мәртебені бейнелеу	Қол қойылған шығыс құжат	Шығыс құжатымен «Е-Астана» АЖ хабарламаны жіберу	Бағдарлау	Шығыс құжатты бейнелеу
5.	Орындау мерзімдері	1 минуттан аспайды	1 минуттан аспайды	1 минуттан аспайды	1 минуттан аспайды	1 минуттан аспайды	1 минуттан аспайды
6.	Келесі әрекеттің нөмірі	8	9	10	11	12	-

Е с к е р т п е :


Осы кестеде электрондық мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінің технологиялық тізбегінде келесі іс-қимылдың аяқталу үлгілері, орындалу мерзімдері және нөмірлері көрсетіліп ЭҮП, АЖ және барлық ҚФБ іс-қимылы (функциялары, рәсімдері, операциялары) атап көрсетіледі.

Осы Регламентке 1-қосымшасының кестелері негізінде электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың диаграммалары құрылады.


«Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу» электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне

2-қосымша


Қызмет берушімен ішінара автоматтандырылған электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың № 1 диаграммасы



ЭҮП арқылы ішінара автоматтандырылған электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі функционалдық өзара іс-қимылдың № 2 диаграммасы














«Е-Астана» АЖ арқылы ішінара автоматтандырылған электрондық мемлекеттік қызмет көрсету кезінде функционалдық өзара іс-қимылдың № 3 диаграммасы



Шартты белгілер:

	Бастапқы хабарлама
--	--------------------

	Аяқтаушы хабарлама
	Аралық хабарлама
	Аяқтаушы қарапайым оқиға
	Қате
	Оқиғалар-таймерлер
	Ақпараттық жүйе
	Үдеріс
	Шарт
	Хабарламалар ағыны
	Басқару ағыны
	Соңғы тұтынушыға берілетін электрондық құжат

Е с к е р т п е :

Диаграмманың рәсімделуі бизнес-үдерістерді модельдеу үшін пайдаланылатын BPM № 1.2 графикалық нотациясында келтірілген. BPMN-де модельдеу графикалық элементтердің аз саны бар диаграммалар арқылы жүзеге асырылады. Бұл тұтынушыларға үдерістің қисынын жылдам түсінуге көмектеседі. Элементтердің төрт негізгі санатын атап көрсетуге болады:

- 1) басқару ағынының объектілері: оқиғалар, іс-қимылдыр және логикалық операторлар ;
- 2) біріктіруші объектілер: басқару ағыны, хабарламалар ағыны және қауымдастықтар ;
- 3) рөлдер: пулалар және жолдар ;
- 4) артефактар: деректер, топтар және мәтіндік аннотациялар.

Осы төрт санаттың элементтері бизнес үдерістердің диаграммасын құруға мүмкіндік береді.

«Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу» электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне
3-қосымша

Электрондық мемлекеттік қызметке сұрау салуды толтырудың экрандық үлгісі

e.gov КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТІ

Сіз не іздесіз? Іздеу

Мемлекеттік қызметтер Қоныстарының қызметтері Білім және ғылым саласындағы қызметтер Ақпараттық технологиялар Е-мемлекет

Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттар ресімдеу

Кезең 1 Талаптарды талдау Кезең 2 Сұрастыру және қабылдау

Өтініш беруші туралы ақпарат:

ЖСН

ТАО

Туған күні

Жікпе куәлігі нөмірі

Қызыл берілген күні

Берілген күні

СТН

Мекенжайы

Пошталық индексі

Телефон

E-Mail

Облыс:

Облыс

Басшы:

Call-орталық 8-800-080-7777 14

Біз жетілдіріміз

Ерлермен бірге электрондық

ХҚКО бойынша байланыс

Электрондық өтініштер

Менің порталым Таңдамалы қызметтер

Жікпе кабинет

Құжаттар

Профайл

Қызметтер алу тарихы

Қызметтеріңіз алу тарихы

Қызметтеріңіз алу тарихы (СССР)

Мәтінді тексеру

Бейнеконференция байланыс

Қосымша қызметтер

«Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу» электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 4-қосымша

Электрондық мемлекеттік қызметке оң жауаптың шығыс үлгісі

e.gov Құжат электрондық үкімет жүйесінде құрылған. Документ сформирован системой электронного правительства.

Бірегей нөмір / Уникальный номер: 00000004202

Берілген күні / Дата выдачи: 30.12.2010

Өтініш беруші _____
(өтініш берушінің АЖТ)

Мекен-жайы _____

Телефон _____

Құрметті _____

Сіздің үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек-балаңызға

_____ (баланың АЖТ)

материалдық қамтамасыз етудің тағайындалғанын ескертеміз, _____
бастап _____ дейін _____ мөлшерінде.


№	Токсан	Жыл	Төлемнің мөлшері

Материалдық қамтамасыз етуді алу үшін Сізге жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне өтініш жасау қажет екендігін хабарлаймыз.

Маман _____
(А Ж Т)

Бөлім бастығы _____
(АЖТ)

Сізге құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-ІІ ҚРЗ 7-бабының 1-тармағы бойынша қалып тағайындалғанын ескертеміз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗКР от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписке» равнозначен документу на бумажном носителе.



*Штрасбург «Электрондық қолтаба» мақараттық жұмыс ұйымы және электрондық-цифрлық қолтабаның қолтабагері қамтамасыз ететін (АҚСҰ) КС)
Штрасбург қолтабагері қамтамасыз ететін мақараттық жүйесімен «Электрондық қолтаба» и қолтабагері қамтамасыз ететін (АҚСҰ) КС)

«Үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу» электрондық мемлекеттік қызмет регламентіне 5-қосымша

Электрондық қызметке теріс жауаптың (бас тарту) шығу үлгісі



Кімге: _____
(АЖТ)

Сізге, үйде оқитын және тәрбиеленетін мүгедек-балаңызға материалдық қамтамасыз етуден бас тартылғандығын жеткіземіз.

Бас тартылған себебі _____

Бөлім бастығы _____
(АЖТ)



«Үйде оқитын және тәрбиеленетін
мүгедек балаларды материалдық
қамтамасыз ету үшін құжаттарды
ресімдеу» электрондық мемлекеттік
қызмет регламентіне
б-қосымша

Электрондық мемлекеттік қызметтің «сапа» және «қолжетімділік» көрсеткіштерін анықтау үшін сауалнаманың нысаны

(қызметтің атауы)

1. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінің сапасына және нәтижесіне қанағаттанасыз ба?
 - 1) қанағаттанған жоқпын;
 - 2) ішінара қанағаттанамын;
 - 3) қанағаттанамын.
2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпараттың сапасына қанағаттанасыз ба?
 - 1) қанағаттанған жоқпын;
 - 2) ішінара қанағаттанамын;
 - 3) қанағаттанамын.